



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Мемлекеттік қызметке қабылдау ережелері өзгерді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметке қабылдау ережесіне өзгерістер енгізілетін бұйрықты дайындады, деп хабарлайды Egeмен.kz.

Атап айтқанда, орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарда, мәслихат аппараттарында, тексеру комиссияларында, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде персоналды басқару қызметінің басшысы лауазымына орналасуға конкурс өткізу кезінде конкурстық комиссияның құрамына уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өкілін енгізу ұсынылады.



Агенттіктің есептеуінше, бұл аталған лауазымдарға іріктеудің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың кадрлық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Құжат 30 наурызға дейін «Ашық НҚА» сайтында жария талқылау үшін орналастырылған.



Президент Жоғарғы Сот төрағасын қабылдады

Президент Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Мемлекет басшысына сот жүйесінің қазіргі жағдайы мен сот төрелігіне қатысты өзекті мәселелер туралы ақпарат берілді.

Жақып Асановтың айтуынша, былтыр аудандық соттар шығарған 1,2 миллион сот шешімінің 1,4 пайызын немесе 17 мың істі жоғарғы сатыдағы соттар кері қайтарған немесе өзгерткен.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс істей бас-

таған әкімшілік соттардың қызметі туралы мәлімет берілді. Жарты жылда соттарға 14 мың талап арыз түскен. Мемлекеттік органдар әрбір екінші істе ұтылған. Бұрын қаралған істердің 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілетін.

Президентке дауларды шешудің баламалы тәсілдері туралы баяндалды. Әкімдіктермен бірлесе отырып, жергілікті жерлерде соттан тыс медиация орталықтары құрылған. Соттар дау-дамайлардың мәмілеге келу арқылы шешілуіне көмектеседі. Бұрын тараптардың тек 3 пайызы ғана

татуласа, қазір бұл көрсеткіш 34 пайызға жеткен.

Жоғарғы Сот төрағасы қылмыстық сот төрелігі саласында да ахуалдың өзгеріп жатқанын баяндады. Оның айтуынша, соттарда кінәлауға бейім тұру ісі тыйылып келеді. Соңғы 4 жылда ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ақталғандар саны 7 есе (жылына 20-30-дан 200-ге дейін) көбейген.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы сот органдарын жаңғырту аясында жүзеге асырылатын бірқатар міндетті айқындап берді.



Қазақстан Украинаға гуманитарлық көмек жіберді

14 наурыз күні Алматы қаласының әуежайынан Халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі комиссия отырысының хаттамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын орындау үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Украинаға гуманитарлық көмек жіберді, деп хабарлайды Egeмен.kz ҚР Денсаулық сақтау министрінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Украина азаматтарына гуманитарлық көмек 2022 жылғы 14 және 15 наурызда Алматы қаласының әуежайынан екі рейспен жіберілетін болады.

ҚР Үкіметі жанындағы Халықаралық гуманитарлық көмек көрсету мәселелері жөніндегі комиссия Украина халқына медициналық препараттар партиясын бөлу туралы шешім қабылдады.

Қазақстан басқа мемлекет тарапынан ресми өтінішке жауап ретінде гуманитарлық көмек көрсетеді.

Украина тарапынан осындай өтініш түскен соң Президент Қасым-Жомарт Тоқаев украин халқына шұғыл гуманитарлық көмек көрсету жөнінде нақты тапсырма берді.

«Egeмен Қазақстан» газетінен.

«Үрейге бой алдырмау керек» - Үкімет мәлімдеме жасады

ҚР Үкіметі Интернетте теріс сыртқы макроэкономикалық жағдайларға байланысты туындайтын проблемалар туралы хабарламалардың жиілеуіне байланысты ресми мәлімдеме жасады, деп хабарлайды Egeмен.kz.

«Теріс сыртқы экономикалық құбылыстарға жедел ден қою шеңберінде Үкімет пен Ұлттық Банк Бірлескен іс-қимылдар жоспарын іске асыруда. Атап айтқанда, қаржы нарығының орнықтылығын және теңгелік депозиттердің тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, мемлекеттік бюджет есебінен халықтың депозиттері бойынша сыйлықақы есептеуді көздейтін Теңгелік салымдарды қорғау бағдарламасын әзірледі», делінген хабарламада.

Үкімет мәлімдемесіндегі дерек бойынша, екінші деңгейдегі банктерде 2022 жылғы 12 наурыздағы жағдай бойынша шамамен 15,3 трлн теңге немесе активтердің 40% құрайтын өтімділігі жоғары активтердің біршама қоры бар.

Еркін өтімділіктің болуы банктерге өз міндеттемелеріне уақтылы және толық көлемде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Банктердің өтімділігі бойынша пруденциалық нормативтері реттеушінің ең төменгі талаптарынан төрт еседен астам артық. Заңда белгіленген шекте жеке тұлғалардың депо-

зиттеріне мемлекет кепілдік береді.

Қаңтар айында халықтың теңгелік жинақ депозиттері бойынша кепілдік сомасы 20 млн теңгеге дейін, сондай-ақ түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі депозиттерге кепілдік берудің ең жоғары жиынтық сомасы «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ тарапынан ұлғайтылды.

Бұдан басқа, бағаның өсуін тежеу мақсатында Үкімет Инфляцияны бақылау және төмендету бойынша шаралар кешенін іске асыруда.

«Ол өнім өндіру көлемін ұлғайтуға, сақтау мен логистикаға, бөлшек саудаға, баға белгілеуді бақылауға, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеуге бағытталған жедел және орта мерзімді сипаттағы іс-шаралардан тұрады. Жалпы, Үкімет, Ұлттық банк және Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі жағдайды бақылауда ұстауда. Бұл үшін күн сайын Дағдарысқа қарсы шаралар жөніндегі жедел штаб отырыстары өткізіледі. Оның шеңберінде экономикалық жағдайдың дамуының әртүрлі сценарийлері бойынша шешімдер пысықталады», деп жазылған хабарламада.

ҚР Үкіметі халықты үрейленбеуге және ресми ақпарат көздеріне ғана сенуге шақырды. Арандатушылық сипаттағы анық емес және жалған ақпарат таратқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көзделгенін атап өтті.

Әдеп кодексінің сақтау- басты назарда!

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінде мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қатаң талаптар қоятыны айтылған. Осы орайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне ерекше мән береді.

Қазіргі таңда, мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетіне қоғамдық бақылау артып отыр.

Бүгінде түрлі әлеуметтік желілер қарапайым халық өз пікірін ашық айта алатын бірден-бір құрал болып тұр. Демек, әлеуметтік желілер арқылы қоғамның өзекті мәселелерін, мемлекеттік қызметшінің тарапынан қандай ерсі қылықтар орын алып жатқанын көруге болады.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы осы жағдайды ескеріп, Үкімет мүшелерінен бастап өңірлердегі әкімдерге әлеуметтік желіге тіркелуін және халықтың сұрақтарына жауап беріп, кері байланыс орнатылуын тапсырған.

Осының нәтижесінде, қарапайым тұрғын мемлекеттік органдарға өз өтінішін жеткізу үшін бұрыңғыдай арнайы қабылдауына жазылып, апталап кезек күтпей-ақ, өзін мазалған сұрақтарына әлеуметтік желі арқылы жауап ала алады.

Өз кезегінде, Департамент тарапынан да әлеуметтік желілерде ресми парақшалар ашылып, бүгінгі күні азаматтардың өтініштеріне жедел түрде жауаптар ұсынылуда.

Мемлекеттік қызметші – биліктің айнасы, оның түр сипаты болып табылады. Алайда, бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілер күнделікті қызметінде, халықпен кездесу барысында өзін-өзі ұстау мен көпшілік алдында сөйлеу кезінде әдеп нормаларына сай келе бермейтін түрлі кемшіліктерге жол беретін кездер көрініс табуда. Осыған орай, Департаментпен әлеуметтік желілердегі мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттеріне қатысты негізді сыни мақалаларға тұрақты түрде мониторинг жүргізілуде.

Өткен жылдың қорытындысымен өңірімізде мемлекеттік қызметшілерге қатысты 24 сыни мақала жарияланғаны анықталып, 6 қызметшіге профилактикалық мақсатта тәртіптік жазалар қолданылды.

Мәселен, мемлекеттік қызметшілер тарапынан қоғамдық орындарда жеке және заңды тұлғаларға дөрекілік танытуы, жиналыс барысында әріптестеріне ар-намысына тиетін сөздерді айтуы, мезгілсіз уақытта азаматтардың тыныштығын бұзуы және т.б. мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне және имиджіне кері әсер ететін фактілер де орын алған.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттің мүддесіне және азаматтардың құқығына залал келтіретін іс-қимылдарға қарсы тұруға, заңмен белгіленген шектерлерді сақтауға міндетті. Әрқашанда қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби, жоғары дәрежеде көрсете білуі тиіс.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын-алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшіге Әдеп кодексінің сақтау өте маңызды, себебі ол тікелей адаммен жұмыс жасайды және әр түрлі адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы қызмет атқарады. Сондықтан, мемлекеттік қызметшінің сыртқы бейнесі, киім-кисі, қимыл әрекеттері, сөйлеу мәнері, ой пікірі, жеке қасиеттерінің барлығы мәдениеттің үздік үлгісіне айналуы керек.

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметші қоғам мен азаматтар арасындағы жауапкершілікті сезіне отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының заңдары мен өзге де нормативті-құқықтық актілер талаптарын мүлтіксіз сақтауға, жалпы қағидаттар мен адамгершілік нормаларын сақтауға, қызмет барысында және тұрмыста жоғары парасатты, мәдениетті болуға талпынуы тиіс. Бұл ретте, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментімен аталған бұзушылықтардың санын азайту мақсатында профилактикалық бағыттағы жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде. Нәтижесінде, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің отырысында мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарын бұзу деректеріне қатысты тәртіптік істер саны соңғы 2 жылда 48%-ға төмендегенін атап өту қажет.

Еліміздің ертеңі-бүгінгі мемлекеттік қызметшілердің парасаты мен ар-ожданына және кәсібилігіне байланысты болғандықтан, елге адалдық пен абыроймен қызмет етуіміз керек.

Е.ЖҰМАТАЙ,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы.



Созақ ауылында болды

Созақ ауданында тарихи мәдени ескерткіштер мол. Әулие-әмбелер мекені. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Созақ ауылындағы Ақназар хан кесенесі мен Шайһы Ахмет (Қанай Хақ) мешітіне барды. Ұлағатты ұстаз, журналист, қоғам белсендісі Камилжан Рысметов, әлеуметтік желідегі парақшасында 19 ғасырдың соңында

салынған Шайһы Ахмет (Қанай Хақ) мешіті қабырғасының құздана бастағанын көтерген болатын. Айтылған ұсынысты назарға алған аудан әкімі, Шайһы Ахмет (Қанай Хақ) мешітінде болды. Мешіт имамы Бекзат Тынышбаев ғимараттың қазіргі жағдайын баяндады. Аудан басшысы тарихи нысан болғандықтан мешіт

құрылысын жүргізу әкімдік құзіретінде емес екенін айтты. Бірақ, мешіт жағдайын қадағалауға алу үшін тиісті бөлімдерге тапсырма беріп, ҚР мәдениет министрлігіне хат жазып, назарға алатынын жеткізді. Сонымен қатар, мешіт имамы көтерген дәретхана салуды ауыл әкіміне демеушілер есебінен шешуді тапсырды. Сондай-ақ Камилжан Рысметов, Ақназар хан кесенесіне баратын жолға тас төсеу қажеттігін айтты. –Қаржы тапшылығы қолды ұстап тұр. Себебі елді мекеннің ішкі жолдары кезек күттірмейтін мәселе. Бірақ бұл біздің назарымызда болады, деді аудан басшысы. Сонымен

қатар Камилжан Рысметов ауыл орталығындағы базар алдына жерленген Фахреддин Муфтихалфе (1829-1904) және Фахреддин Угаи Камолидиннің (1854-1915) жасаған еңбектеріне тоқталып, зияратқа қатысты мәселе көтерді. Аудан басшысы оны ұрпақтарымен ақылдасып, шешу керектігін жеткізді.

200 АНАҒА СЫЙ-СИЯПАТ ЖАСАЛДЫ

Жартытөбе ауыл округіндегі ауылдық мәдениет үйінде «Анаға сәлем» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік шарада ауыл округ әкімі Болат Есенбақыл құттықтау сөз сөйледі.

–Ананың бәріміздің өмірімізде алатын орны ерекше. Сіздер қандай құрметке де лайықсыздар. Елдің амандығын тілеп, бала шағаларыңыздың алдында аман-есен жүре беріңіздер, деді ауыл округ әкімі.

Сондай-ақ ауыл округіндегі аналарды құттықтауға арнайы келген «Орталық ӨК» ЖШС кәсіподақ ұйымының төрағасы Ержан Таужанұлы; –Жартытөбе ауылы біздің назарымызда. Қашанда көмек қолымызды созып келеміз. Бүгінгі мереке аналарға деген құрметіміздің деп қабылдаңыздар, деді. Мәслихаттың депутаты Елдос Қабылбекұлы жүрекжарды лебізін жеткізіп, аудандық мәслихаттың алғыс хатын тапсырды. Әсем әнмен көмкеріл-

ген мерекелік шарада аналарға гүл шоқтарын беріліп, сый-сияпат жасалды. Көтеріңкі көңіл күйде өткен шарада ауыл

лардың үйінде болып, ақ ормал жауып, гүл шоғы мен сыйлықтарын табыстады.

Қазіргі таңда Жартытөбе ау-



округтің ақ жаулықты аналары, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Сондай-ақ ауыл округ әкімі Болат Есенбақыл батыр ана-

ыл округінде 13 «Батыр ана», 75 «Алтын алқа», 93 «Күміс алқа» 16 тыл ардагері ана, 4 жалғыздікті ана бар.

ҚАРИЯЛАРДЫҢ БАТАСЫН АЛДЫ



Құмкент ауылы округі әкімі Ф.Пәрдебекұлының ұйымдастыруымен Құмкент ауылдық мәдениет үйінде «Аяулы асыл жандар» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Іс-шараға «Қазфосфат» ЖШС-нің кәсіподақ комитетінің төрағасы І.Әділқазиева, «Қазфосфат» ЖШС-нің бас геологі М.Мақаев сырза-

лар арнайы келіп «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері мен барша ардақты аналарды мерекелерімен құттықтап, әр анаға гүл шоғымен ақшалай сый-сияпаттар жасады. Сый-сияпаттың көлемі 2000000 (екі миллион) теңге. Және де мерекелік шараның ұйымдастыруына «Созақ фос-

фат» ЖШС-нің демеуші жасап 150000 (жүз елу мың) теңге қаржылай көмек берді. Мерекелік іс-шарада дәстүрлі әнші Ахат Кенжебаевтың жеке концерті болып аналарымызға керемет көңіл-күй сыйлады. Мерекелік шараға Қазақстан журналистер одағының мүшесі Айдарбеков Байділда, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Есен Досболлов, Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі ән байқауының лауреаты Шал Кенжебай және мекеме басшылары қатысты. Жоғары деңгейде өткізілген шараға және демеушілік жасаған іскер азаматтарға ақ жаулықты аналар өз ризашылықтарын білдіріп, алғыс айтып, ақ баталарын берді.

«Созақ үні»-ақпарат.

КӨШЕ ТАЗАЛЫҒЫ- КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІНЕ ТАРТУ



Көктемнің қоңыр желі ескелі бері яғни, ақпан айының соңғы күндері, наурыз айының бірінші күндерінен бастап ауданда тазалық жұмыстары алдымен қолға алынған іс болды. Аудан басшысы өзінің тырнақалды алғашқы жұмысын ауыл сыртындағы қоқыс алаңын тазалаудан бастады. Одан кейін аудан әкімдігінде көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарына қатысты бірнеше мәрте тазалық жөнінде мекеме, бөлім басшыларының басын қосқан жиын өтті. Онда мекеме, бөлім басшыларына Шолаққорған ауылының ішкі көшелеріне бекітіп, нақты жүйелі тапсырмалар берді. Наурыз айының бірінші аптасында Шолаққорған ауылындағы мәдениет үйінде «AMANAT» партиясының аудандық филиалы жанынан құрылған «Парасат» пікірталас клубының алғашқы отырысы өтті. Онда да осы тазалық жұмыстары күн тәртібінен көрінді. Одан бері де барша аудан жұртшылығын 1-31 наурыз ара-

лығында аудан аумағында өтетін «Таза ауыл» эко-акциясына қатысуға шақырған үндеу жарияланды.

Әрине, әрбір созақтықтар өзі тұрып жатқан мекенінің, көшесінің тазалығына деген жауапкершілігін сезініп, жанашырлық танытып, айналасын тазалап, сенбіліктерге белсене қатысса, әрбір ауыл, аула, көше таза да көрікті болары сөзсіз!

«Әрбір тұрғын өз аулаңыз бен көшеңіздің тазалығын қамтамасыз ету арқылы көктемді жаңа көрікпен қарсы алуына үлестеріңізді қоса аласыздар!

Эко-акция аясында ауыл-кент округтерде ағаштар ырығызу, үйлердің қасбеттерін сырлау, арық-атыздарды тазалау шаралары ұйымдастырылады.

«Тазалық – ортақ іс» деген ұстаныммен барлықтарыңыз туған жеріміздің тазалығына үлес қосады деп сенеміз! Баршаңызды 1-31 наурыз аралығында өтетін «Таза ауыл» эко-акцияға, тазалық айлығына белсене қатысуға

шақырмыз!» деген аудан әкімі аппаратының үндеуі әлеуметтік желілерде жарияланды.

Осы үндеулерді, түрлі бастамаларды қызу қолдаған аудандық «Созақ үні» газеті ЖШС-гі қызметкерлері қол қусырып қарап отырған жоқ. Газеттің директоры Ержан Абилпаттаевтың нақты бйрығы бойынша газет қызметкерлері Данияр Беков пен Құрмаш Тұрғанов аудан орталығындағы Қаппар Әубәкіров көшесіне, Біржан Жәндәулетов пен Нұрсұлтан Шертаев Ерман Ембергенов көшелеріне бекітіліп, олар екі тарап бойынша алдын ала әзірлеген тұрғындарды ұйжайларын, көшелерін тазалық жұмыстарына үндеген үндеу парақшаларын үйме үй аралап жүріп таратты. Сонымен қатар, мекеме басшысының тапсырмасы бойынша көшелердің әрбір тұрғындарына тазалық жөнінде түсіндіру жұмыстарын насихаттап шықты. Жұмыс әлі мұнымен шектелген жоқ. Әр аптаның сәрсенбі, сенбі күндері атқарылған жұмыстарды екшеп, газет бетіне жариялап, жоғарыда бекітілген азаматтар өздеріне берілген тапсырмалар шеңберінде көше тазалықтарын, әрбір үйлердің сыртқы дуалдарының әкелуі, үй іргелерінің қоқыстан адалығы, көше жақ беттеріндегі тазалықтарды ұдайы бақылауда ұстайтын болады. Тұрғындар өздеріне қатысты тазалық жұмыстарын орындамаған жағдайда әкімшілік тарапынан тиісті шара көрілетінінде газет қызметкерлері көше тұрғындарына жеке-жеке ескертіп шықты.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



Көктемгі дала жұмыстарына дайындық басталды

Түркі жұрты «күн мен түн теңеледі» деп әспеттейтін Наурыз айының алғашқы он күндігін де артқа тастадық. Теріскей болған соң біздің өңірде қыс кеш шығып, көктем де кешеуілдетіп келетін әдеті. Әйтпесе, облысымыздың Күнгей аймақтарында көктемнің нышаны білінгелі қашан. Дегенмен, мейлі Күнгей, мейлі Теріскей жұрты үшін қыстың шығып, көктемнің толықтай кіруін Самарқандтың көк тасының еруімен байланыстырып жататынымыз да бар. Өйткені, Самарқандтың көктасы ерігеннен соң, далада қалған адам да, мал-жан мен аң-құс та үсіп өлмейді деген бір түсінік бар Оңтүстік жұртында. Міне, біздің аудан шаруалары да сол көктастың еруін күтіп отырса керек, әзірге көктемгі дала жұмыстары әлі де толыққанды жүріп кеткен жоқ. Алайда, дайындықтар да жоқ емес. Қайсыбірлері сол өздеріне тиесілі егіс алқаптарына бұлақтардың суын апарып жатса, енді бірлері меншіктеріндегі жерлерінің қоршауы жоқтары жүргізіп, барлары қайта жөндеуден өткізіп жатқан жайы бар. Осы тақылеттес жұмыстардан аудан жұртшылығын хабардар ету үшін аудан әкімдігі Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөліміне хабарласып, мәлімет сұраған едік. Аталмыш бөлімнің редакциямызға берген жауабы мынадай болды:

Биылғы жылға ауданымыз бойынша жалпы егіс көлемі 13912 га жерді құрайды межеленіп отыр. Атап айтсақ, бидай-200 га, арпа-1030 га, жүгері-870 га, картоп-500 га, көкөніс-500 га, бақша-500 га, мақсары-1150 га, мал азықтық дақылдары-9162 гектар жерге егіледі деп жоспарлап отырмыз.

Сондай-ақ, ауданымызда 2022 жылға «Көктемгі егін егу және жинау жұмыстарын қаржыландыру» бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру жүргізілуде. Нақтырақ айтсақ, көктемгі егіс науқанына «Ырыс МҚҰ» ЖШС-нен Бидай, арпа, дәндік жүгері, мақсары, картоп, бақша, көкөніс дақылдарына нормативке сәйкес несие берілуде.

Тағы да ауылдық округтер мен кенттердің әкімдерінен бүгінгі таңға мемлекеттен беріліп жатқан қайтарымсыз гранттар арқылы жастарды оқытып, бизнестерін жүргізу мақсатында арнайы жиындар өткізілді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне көктемгі дала жұмыстарына бөлінген жанар-жағармайдың (дизель отыны) белгіленген операторлар тарапынан агроқұрылымдарға таратылу жоспарлануда. Жалпы, ауданға көктемгі дала жұмыстарына 390 тонна жанар-жағар май бөлінді және көктемгі дала жұмыстарына бөлінген жанар-жағармайдың (дизель отыны) жеткізіп беру калкуляциясы бойынша 195 теңгені құрап отыр».

Сөз соңында. Иә, ауылшаруашылығы бөлімі межелеп, аудан шаруалары жоспарлап отырған биылғы дала жұмыстарының былтырғыдан қатты бір айырмасын байқап отырған жоқпыз. Сол жылдағы жоспарланатын көктемгі егіс жұмыстары. Себебі, жоспардың, жұмыстың ауқымы жылдағыдан жоғары болуы үшін әрине, қымша жер, су, техника қажет. Ал ол үшін бірінші кезекте қаржы керек. Мың жерден тиісті ұйымдар тисті несиені береді дегенмен, одан құтылуды да ойлау қажет қой. Міне, осы тұрғыдан алғанда аудан кәсіпкерлері, яғни, шаруа қожалықтардың иелері үлкен тәуекелге бара бермейді. Өйткені, үлкен тәуекел үлкен мүмкіншіліктерді қажет етеді. Осы ретте, сол ауылшаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер егіп береді деп, қол қусырып отырып алмай, ауыл тұрғындарына есігінің алдындағы егістік жерлеріне қыстайғы жеп шығатын бақша өнімдері мен көкөністерін және мал азығына қажетті дәнді-дақылдарды көптеп егіп алған жөн. Әрине, бұл мәселеге де алдағы уақытта үлкен бір тақырып арнауды жөн көрудеміз!

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.

Қарашаға қарайласқан қайырлы жан

Қарақұр ауыл әкімдігіне қарасты Раң ата ауылының тумасы Саяхат Жақанұлы деген азамат сонау күн шығыс елдерінің бірі корей мемлекетінде жұмыс істеп жүр. Адамның есімі негізі өзінің тағдырына байланысты қойылады деген рас па деп қаласың. Әйтпесе, сонау 2010 жылдары Корей еліне саяхаттап барған Саяхат сол жақта жұмыс істеп, отбасын, бауырларына қарасу мақсатында бірнеше жылға қалып қояды. Бүгінде бар тапқанын бауырына басып жатпай Шымкент қаласындағы балалар үйіне, Саыағаш қаласындағы мешітке қолынан келген көмегін беріп келеді. Биыл Президенттің Жарлығымен «Балалар жылы» атануына орай Саяхат Корей елінен аманаттап Созақ ауданындағы екі-үш отбасыға қыстық отындарын, азық-түлік, балаларына ойыншықтар, қаржылай көмегін беріп жіберіпті. Аманатын қабыл алған бауыры жанұя жағдайы төмен отбасыларға бауырының аманатын тапсырып шықты. Бармын деп тасымал, жоқпын деп жасымай күн кешкен орташа жанұядан шыққан Саяхаттың бұл қайырлы да сауапты ісі кім-кімге болса да үлгі-өнеге екені аян.



-Саяхат баламыз жастайынан өте нәзік, жаны дүниесі таза, әркімге болсын жаны ашығыш, бауырмал болып өсті. Біздің үймен екі арамызда үй жоқ. Құдайы қоңсы болдық. Әкесі Жақан марқұм бізге аға болып келеді. Таң алакеуімнен совхоздың тракторын айдап апталап мал отарларында, егіс алқаптарында, қысты күндері жемшөп тасымалында жүретін бейнеткеш жан болатын. Анасы Данагүл отбасында, бала тәрбиесінде болды. Аға-әпкелері де сол үйдің шаруашылығында жүрді, аналарына қолғанат болып өсіп жетілді. Міне, осындай отбасында дүниеге келген Саяхат қоғамшыл, елдің сүйікті перзентіне айналды. Ауыл жұртшылығы атынан Саяхат баламызға

шексіз алғыс айтып, ақ батамызды береміз,- дейді ауылдың аға буын азаматы Нышан Аманұлы.

«Өсетін елдің баласы бірін-бірі батырым» дейді демекші қолынан келгенінше қараша халыққа көмектесулі азаматтық парызы санаған Саяхаттың саналы тірлігіне ел болып ризашылық танытуда. Еңбегің жана берсін елін сүйген азамат.

М.ЖЕҢІСУЛЫ.

Ұстазға құрмет- ұстаздарға құрмет

Елімізде 1 наурыз- «Алғыс айту күні» 2016 жылдан бастап атап өтілуде. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде «Алғыс айту күні» деп жариялаған болатын. Алғыс айту күнін мереке-леудің жаңа дәстүрі «Мәңгілік Ел» бірлігін ортақ тарих және тарихи сана

айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату басты мақсатымыз болмақ. Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмы-



негізінде нығайту мен дамытудың мән-мәтінінде қазақстандық құндылықтарды бейнелейді. Алғыс айту күні-бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Бұл-тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Алғыс айту күні- күрделі заманды иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күн. Президент «Алғыс айту күні» туралы: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын Барлық этностардың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн- мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді»,-деген болатын.

Бұл күн мейірімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.

Алғыс айту дегеніміз- санның жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан

сында рухани салаға басымдық беру. Бұл дегеніміз-ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Президентіміздің рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі- үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл- тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. «Алғыс айту күні» қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірлігіміздің, мәдени саналуандығымыздың жарқын күні, «Алғыс айту күні»- Қазақстан халқының мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы- еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні. Осы алғыс айту күні аясында Қарақұр ауылының әкімі Ордабек Жәмиев, ауыл ақсақалы Лесбек Момбеков, әлеуметтік қызметкер Алтынбекқызы Нұржамал ауылда тұратын ұстаздардың ұстазы атанған сексен жастағы Үбайда Нарбекованың шаңырағында болып айтулы күнмен ұлағатты зейнеткер ұстазды құттықтап шықты. Үбайда апайға деген құрмет сол ауылда тұратын барлық ұстаздарға деген құрмет деп ұғынған дұрыс шығар. Үбайда апай ауыл әкімі Ордабек бастап келген барша қонақтарға аналық ақ батасын беріп, ризашылығын білдірді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Оқырмандарымыздың есінде болса, жылына екі рет аудандық «Сөзақ үні» газетіне жазылым науқаны жүреді. Биылғы, 2022 жылдың 1 жартыжылдығына жазылу науқаны 2021 жылдың күзінде жүріп өткен болатын. Аудандық басылым, әлеуметтік желілер арқылы ауданымыздың барша азаматтарын «Сөзақ үні» газетіне жазылуға онлайн насихат еткен болатынбыз. Сондай-ақ, газет жұмысы ауыл-ауылдарды да аралап, мекеме біткеннің барлығына барып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген едік. Бұл жөнінде де жергілікті Бақ бетінде және әлеуметтік желілерде мақала, пост жазған болатынбыз. Осындай жазбалардың бірінде газетіміздің аға тілшісі Н. Маюсованың Нұрсұлтан қаласындағы «Катко» БК ЖШС- бас офисіне барып, басшыларымен кездесіп, 1 жылға 700 дана газетке келісім-шартқа отырып қайтқан еді. Қарымтасына біздің жұмыс да ауданымыздың көзі, құлағы һәм тілі «Сөзақ үні» газетіне жазылу ұсынымызды кері қайтармай, бірден келісе кеткен өндіріс орынының жетістіктерін оқырмандары-



Сөзақтық супервайзер Сәулет

мызға насихаттап отыруды ұйғарған едік. Жомарттыққа жомарттықпен жауап беру қанымызда бар қасиет емес пе? Әрине, бірінші кезекте «Катко» БК ЖШС-нің ауданымыздың қазынасына құйып отырған (мүлік) салығын, жерлестерімізге жұмыс беріп отырғанын және түрлі бағытта жасап жүрген демеушіліктерін ескере отырып.

Сонымен, бүгінгі мақаламың басты кейіпкері Ақбакирова Сәулет Әмірзаққызы да осы «Катко» БК ЖШС-де 14 жылдан бері супервайзер болып жұмыс жасайды.

Ақбакирова Сәулет Әмірзаққызы, Жетісу өңірінің тумасы. Туған ауылындағы Мәншүк Мәметова атындағы орта мектепті 1986 жылы қызыл аттестатпен тәмамдаған. Содан кейін Шымкент қалалық Кооперативті техникумды (қазіргі Шымкент экономикалық колледжі) оқып-бітіреді. Жоғары білімді М.Әуезов атындағы мемлекеттік университетінде алады. Еңбек жолын 1993ж жылдары М.Әуезов университетінде бастайды. Ал 2008 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «КАТКО» ЖШС бірлескен кәсіпорынының Төртқұдық кенішінде супервайзер болып қызмет атқарып келеді. Нақтырақ айтсақ, Сәулет Әмірзаққызы тауарлық-материалдық заттарды қабылдау және түгендеп алу, сондай-ақ, материалдардың саны мен сапасын қадағалап отырады. Сонымен қатар, SAP-та толық есебін жүргізеді. SAP- бұл кәсіпорындар үшін шешімдер жиынтығын ұсынатын және ресурстар мен

жұмыс үдерістерін тиімді жоспарлауға арналған автоматтандырылған жүйе. Тағы да Ақбакирова Сәулет қойма жұмысшыларына басшылық етеді және еңбекті қоғау, қауіпсіздік техникасын сақтау, сондай-ақ, өндірістік санитария мен ерт қауіпсіздігінің сақталуы үшін де жауапты. Ол қоймадағы заттардың бұзылған немесе бұзылмағандығын күн сайын тексеріп отырады.

Осылайша 14 жыл бойы еліміздегі атом өнеркәсібінің дамуына кішкентай болса да үлес қосып келеді. Сөз соңында кейіпкерімнің өзі: «Елдің өркендеуі мен компанияның көркеюіне септігіміз тиіп жатса - бұл үлкен мақтаныш, мәртебе! Барлық қазақ елін қыстан аман шығып, жер дүниені көгерткен көктем мезгілінің келуімен құттықтаймын. Өткен, 8 Наурыз аналар мерекесімен өзіміздің 80 жастағы қос анам Рысхан Нұрмұханбетқызы мен енем Үртай Сарықұзын және барлық аналарды шын жүректен құттықтаймын келеді. Сондай-ақ, күн мен түннің теңеліп, ұлыстың оң, ақтың мол болар Әз Наурыз - Жаңа жылымыз барлығыңызды жарылқасын. Ақыл нұрлы, аспанымыз ашық, жүрегіміз жылы болғай! Айтпақшы, барша қазақ жұртшылығына, әрине осы басылымның редакция жұмысына да алғыс білдіргім келеді. Жақсылық тілеймін» деп ақжарма тілегін арнады.

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.

Барлық құрмет асыл АНАЛАРҒА

Көктемнің мол шұғылалы мерекесінде «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелері аудан көлеміндегі екі жүзден аса алтын құрсақты Батыр аналарға құрмет көрсетті, Алғыс білдірді. «Бақ-Нұры» қоғамдық бірлестігінің негізгі белсенді мүшелері әр саланың майталман мамандары, кәсіпкер әйелдер, іскер қыз-келіншектер. Ұйымның негізгі мақсаты әйел аналардың, қыз-келіншектердің қоғамдағы ролін арттыру. Аталған ұйым мүшелері жыл сайын көктемнің алғашқы күні Алғыс айту күні ауданның ардақты аналарына, әжелерімізге Құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырған. Сонымен қатар жылдар бойы қайырымдылық шараларын, тазалық акцияларын, зорлық зомбылыққа қарсы күрес жүргізуді, бала тәрбиесіне, ұлттық салт-дәстүрімізді қалыптастыруға, отбасы берекесіне қатысты іс-шараларды үздіксіз жүргізіп келеді. Мұқтаж жандарға, мүмкіндігі шектеулі балапандарға үнемі қолдау таныту, көмек беру қоғамдық ұйым мүшелерінің

негізгі іс әрекеттері. Айта кеткен жөн болар, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі ешқандай мемлекеттен ия болмаса бюджеттен қаржыландырылмайды. Бұл ерікті, жомарт жүректі қыз-келіншектерден, аяулы аналардан, қайырымды жандардан құрылған қоғамдық ұйым. Қоғамдық ұйым мүшелерінің әрбір атқарып отырған игілікті шаралары, ұйым мүшелерінің өз қалталарынан, отбасы атынан шығарып отырған қаржылары.

Аудан әкімі М.Тұрысбеков аталған ұйымның белсенді мүшелерін көктем мерекесі қарсаңында қабылдап, құттықтап ұйым мүшелерінің белсенділігіне ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттар, гүл шоқтарын тапсырды. Ұйымның белсенді мүшелері алдағы атқарар жұмыстарымен бөлісіп, ұсыныс-пікірлерін алға тартты.

Айта кеткен жөн болар, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі заңды тұлға ретінде тіркелген ұйым. Өз тәртібі, ережесі, жарғысы бар. Мүшелері тіркелген. Кейде көпшілік түсінбей жа-

тады. Тіпті аудан басшысы ұйым мүшелерін арнайы қабылдағанда да «Бұлардан басқа әйелдер жоқ па...» деп қалды. Ия. Ұйымға арнайы мүше болып тіркеледі. Ұйымның іс-шара жоспарына сәйкес жұмыс жүргізіледі. Бұл белгілі топтасқан, бірлескен, белсенді қыз-келіншектерден, қайырымды жандардан құралған бірлестік. Ұйымның әрбір мүшесі атқарылып жатқан қайырымдылық, қамқорлық шараларына, акцияларға, қоғамдық іс-шараларға өз еріктерімен мейірімді жүректерімен ат салысады.

Құрметті Аналар, қымбатты қыз-келіншектер, белсенді ханымдар көктем мерекесі әр шаңыраққа мол шұғыласын төксін. Елімізде ынтымақ бірлік жарасым тапсын. Әрбір жан-жаға бақ береке бітсін. Аман жүріңіздер. Абыройлы болыңыздар!

**Құрметпен:
Нұржамал МАЙУСОВА.
Аудандық мәслихаттың депутаты.
«Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы.**

Облыстық байқаудан жүлдемен оралды



Жуырда Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Жас музыканттардың» облыстық фестивалі байқауы өтті. Ордабасы ауданы, Темірлан ауылында өткен облыстық «Жас музыканттар» байқауына аудан, қалалардан 300-

ге жуық оқушылар қатысты. А.Жұбанов атындағы Сөзақ балалар саз мектебінен 26 оқушы қатысып, оның ішінде домбыра, қобыз бөлімдерінен 5 оқушы байқауға іріктеліп өтті. Домбыра аспабы бойынша кіші топтан қатысқан Сұлтанғали Ерке (жетекшісі Д. Бектаева), орта топтан Әбілда Жанерке (жетекшісі А.Улықсат), үлкен

топтан Фазылбек Асылбек (жетекшісі Н.Асқарова) жүлделі III орындарды, қобыз аспабы бойынша кіші топтан Ташмұрат Асель (жетекшісі Г.Махсұтова), орта топтан Абайқызы Ажар (3 сынып, жетекшісі С.Қайырбекова), жүлделі III орындарды иеленді. Сонымен қатар, 21 оқушы ансамбльге қатысып, қобызшылар ансамблі (жетекшісі А.Жүзбаева) II орын, домбырашылар ансамблі (жетекшісі Н.Әбішбеков) II орын иеленді. Барлық оқушылар мен ұстаздар марапатталды. Жеке және ансамбльге қатысып жүлделі орындарды иеленген оқушылар мен олардың ата-аналарына айтулы мереке күнінде мектеп мұғалімдері концерт ұйымдастырып, жүлделі орындар иеленген оқушылар мен олардың ата-аналары алғыс хаттар иеленді.

Назира БЕЙСЕКЕЕВА,
кітапхана меңгерушісі.

Жақсы адам ғана жақсы ұстаз бола алады

*Ұстаз болу-өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау.
Жан Жак Руссо.*

Әлемде мамандықтың түрі көп-ақ. Барлығының мақсаты-ел кәдесіне жарау. Дипломы бар маманның барлығы бірдей өз мамандығын сүйе ме? Барлығы шын маман бола ала ма?

Бұл-әркімнің өзіне қояр сұрағы. Мамандықтың барлығы жақсы, егер маман қызметіне ел зәру болса... Бар мамандық иесі мұғалімнен сауат ашады. «Мұғалім мамандығы-барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Осындай жандарға ілтипат таныту-адамгершілігіңнің ілгері басуының бір қадамы.

Мен бүгін өз мамандығының шебері болып жүрген ерекше есімді елге танытқым келеді.

Ол-осынау ұстаздық деген ардақты іске жан-тәнімен беріліп, қазіргі таңда еңбегінің жемісін көріп, жетістікке жетіп жүрген мектебіміздің мақтанышы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ерімбетова Гафура Хадимқызы.

Гафура Ерімбетова Хадимқызы 1978 жылдың желтоқсан айының 26-да Қызылорда облысы, Сексеуіл кентінде тәрбиелі, ел мақтайтын үлгілі отбасында дүниеге келген.

1995 жылы №23 қазақ орта мектебін бітірген. Мектеп қабырғасында жүргенде өте жақсы оқып, белсенділігімен ел аузына іліккен.

1997 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар институты «Тарих-филология» факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түсіп, аталмыш институтты 2001 жылы қызыл дипломмен бітірді. Институтта тамаша студент бола білген ол, сол кездің өзінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жинақтарға шығарып үлгерген. Оқу орнындағы талай кештерді жүргізіп, өз ұстаздарының сенім артар студенті бола білген.

2002-2003 жылдары Алматы қаласындағы F.Мұстафин атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 2003-2005 жылдары Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы «Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының оқытушысы, 2005 жылдан бастап, 2017 жылға дейін Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Жалпы педагогика және этнопедагогика» кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет атқарған.

Гафура Хадимқызы-2017 жылдан бастап қазіргі таңға дейін Т.Әлімқұлов атындағы мектеп интернат-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарып жүр. Ол осы жылдар аралығында өзінің тынбай еңбек етуінің арқасында ауданымыздың білім бәйгесінде мерейін асырып, талай-талай белестерді

бағындырып, кәсіби біліктілігін арттырумен қатар, талай жетістіктерге жетіп жүрген ұлағатты ұстаз.

Мәселен, 2021 жылы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен өткен мұғалімдердің пәндік олимпиадасының облыстық кезеңінде «Креативті ұстаз» номинациясын, «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Үздік авторлық жұмыс» конкурсының облыстық кезеңінің II дәрежелі дипломымен және Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы басшысы Р.Жолаев мырзаның облыстық білім беру саласының дамуына қосқан үлесі және еңбектегі жетістіктері үшін арнайы алғыс хатымен марапатталды.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» деп айтқандай, ұстаздың өткеніне қарап қуанары бар. Бәйгеге баптан тұлпардай әр оқушымен жеке жұмыс жүргізіп, баланың бойындағы ерекшелікті байқап дамытуда да талмай жұмыс жасауда. Атап айтар болсақ, оқушылардың түрлі ғылыми жобалар мен байқауларынан Құраш Әділет, Жеңіс Ақерке, Ақбар Даниял, Бимашқызы Ұлдана, Тоқтарбай Қарақат тағы басқа көптеген шәкірттері ауданнан, облыстан, республикадан жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Ұстаз еңбегінің жемісі шәкіртінің жеткен жетістігімен бағаланды десек, Гафура Хадимқызының жүлделі болған әрбір оқушысы-ұстазының мәртебесі, мерейі. Қазірге таңда көптеген шәкірттері аяулы ұстазының тәлімі мен тәрбиесін алып, алтын ұясынан түлеп ұшып, арман-мақсаттарына қол жеткізуде.

Бақытын еңбектен таба білген ұстаз-отбасылық өмірде де бақытты, адал жар, 3 баланың анасы. Отбасы мен ұстаздық қызметті қатар алып, оған қоса, ғылым жолынан да қол үзбеген зерттеуші жан-сегіз қырлы, жан-жақты, әмбебап тұлға! Бір адамның бойынан осыншы еңбекті естігенде: «Ол қандай жан екен?» деген ой келері даусыз. Адами тұрғыдан кез келген адамға жігер бере алатын психолог, адам жанын ұғатын нағыз дос, өмір сырын түсінетін ерекше жаннан табиғат сұлулығын да аямаған екен! Оның болмысы қазақи әрі жаны мейірімге толы.

Осындай жүрегі мейірім мен жылылыққа толы, бала бойын білім нәрімен сусындатып, ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды ықпалымен білетін нағыз маман иелерінің қатары көбейсін демекпін.

Мұндай жандар көп болса, өмір тек жақсылықтардан ғана тұрар еді...

Салтанат УРИТЕМОВА,
Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылында орналасқан Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің іргетасы қаланғанына да ғасырға жуық уақыт болыпты. Қара шаңырақ атанып кеткен мектептің тарихы тереңде жатыр. Сонау 1906 жылы өңірге белгілі Атабай байдың ауласында орыс-қазақ мектебі болып бой көтерген білім ордасы талай қилы кезеңдерді басынан кешірді. 1913 жылы осы мектептің

болу, бүкіл әлемдік кеңістігінен орын алу болып табылады. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білік дағдысын емес, оның тұлғасын жан-жақты дамыту, ұлттық тәлім-тәрбиені кеткен мектептің тарихы тереңде жатыр. Сонау 1906 жылы өңірге белгілі Атабай байдың ауласында орыс-қазақ мектебі болып бой көтерген білім ордасы талай қилы кезеңдерді басынан кешірді. 1913 жылы осы мектептің

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет екендігін атап кетті. Әрі оларға

Дарынды балалардың, ұлықты ұстаздардың басын құрасақ

қабырғасында діни оқу мектебі қатар ашылып, оқушыларды Ислам діні әлеміне, имандылық-инабаттылық иірімдеріне баули бастаған. Бұл мақсатта үш мұғалім тартылып, осы мектеп арқылы қалың бұқара санасын діни сәулемен нұрландыруға мейлінше күш салған. 1919 жылы қазақ-өзбек мектебі болып қайта құрылып, сабақ араб қарпімен оқытылды. 1925 жылы А.Луначарский есімі беріліп, мектеп ауқымы кеңейіп, 200-ге жуық бала білім алып, мұғалімдер қатары өсе түсті. 1960-1962 жылдар аралығында жаңа мектеп құрылысы салынып, жаңа сәулетті мекенге қоныс аударды.

1962 жылдан бастап ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин есімімен аталып, ауданымыздағы №1 орта мектеп болып келді. Тұңғыш ұлы ағартушы есімі берілгеннен де жарты ғасырдан асыпты. Қазіргі таңда мектеп ғимараты 520 орынға лайықталып салынғанымен бүгінде 900 оқушы білім алуда.

Жуырда Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеев мырза ауданымыздың тыныс-тіршілігімен танысып, «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасын жүзеге асыру барысын саралау мақсатына Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінде болып, мектебіміздің ескі ғимарат екенін айтып, тиісті басқармаға тапсырма беріп, бюджетке енгізетінін де ашып айтты. Ауданымыздағы тарихы терең мектептің орнына жаңа ғимарат салынатынын айтып, біздерді бір қуанып тастады. Осындай игі істі жалғастыруға бірден бір қолдау білдірген облыс әкімі Ө.Шөкеев мырза мен ауданымыздың әкімі М.Тұрысбеков мырзаға алғысымыз шексіз. Қазіргі таңда мектептің жаңа ғимаратын салуға республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, құрылыс жұмысын жүргізетін мердігер компания анықталуда.

Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық бәсекеге сай болуы үшін ең бірінші білім мен ғылымды өркендетуде болашақ ұрпақтан күтеріміз көп. Сондықтан да осы жас ұрпақтың бойына терең білім мен рухани құндылықты қатар сусындатып жүрген білікті ұстаздарымыз да аянбай еңбек етіп келеді. Егемен еліміздің ең басты мақсаты-өркеніетті елдің қатарында

жоғары оқу орнына түсу үшін конкурстан тыс гранттар беретіні айта кетті. Әрине, осындай қолдау барда оқушыларды білім шыңына жетелеу-әрбір ұстаз үшін үлкен міндет. Ауданымыздағы қай мектепті алсақ та педагог кадрлардың сапасы өте мықты. Шынында да республикалық, халықаралық олимпиадалар мен өзге де білім бәсекелерінен жүлдемен оралып жүргендердің басым көпшілігі-ауданымыздың ерекше дарынды балалары. Тіпті осындай деңгейде оқушы тәрбиелеп отырған ұстаздарымыз баршылық.

Ал осындай білікті ұстаздардан дәріс алып, басқа дарынды мектептерге ауысып кетіп жатқаны жасырын емес. «Дарын» мектептерінің көрсеткішін көтеріп, абыройын арттырып жүргендер де солар. Сондықтан да ауданымыздан осындай «Дарын» мектептері бой көтерсе, дарынды оқушылар мен білікті ұстаздар үшін мол мүмкіндік болары сөзсіз. Іссапар барысында Ө.Шөкеев мырза ауданымыздағы ардагерлермен, ел ақсақалдарымен кездесу барысында осы мәселеге оң көзқарас танытатынын айтты: «Жалпы ауданда білім саласының дамуы жаман емес. Қаншама математиктер, дарынды тұлғалар шықты. Мықты мамандарды сақтап қалуымыз керек. Қазір мұғалімдерге жағдай жасалып жатыр. Ендігі кезекте олардың білім сапасына да мән беріп, дарынды шәкірттер даярлауына ықпал еткен жөн».

Осындай білім ошақтары оқушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кең ауқымда жаратылыстану-математика бағытында немесе қоғамдық-гуманитарлық бағытта терең білім беруді қамтамасыз ететін, жалпы және орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын негізгі орта болса нұр үстіне нұр болар еді. Ендеше осындай ұсыныстар іске асып жатса, ауданымыздағы талапты балалардың білімге деген талапына қанат бітеді деп сенеміз. Өйткені сапалы білімнің енгізгі көрсеткіштерің бірі-оқушылардың барлық деңгейдегі олимпиадаларға қатысуының нәтижелерінің қорытындысы.

Нүргүл КЕНЖЕКАРАЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі.

Созақ ауданы аумағында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында аудан прокурорының өкімімен құрылған мобильдік топтың сенім телефондары

Түркістан облысының Созақ ауданы

Қ/сы	Мекеме атауы	Лауазымы	Мекен-жайы	Электрондық адресі	Телефон (жұмыс, ұялы)
1	Созақ аудандық прокуратурасы	Жағыппаров Алмас Бақытұлы аудан прокурорының орынбасары	Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 17 ғимарат	7254602@prokuror.kz	Жұмыс 8(725) 4642562
2	Созақ аудандық прокуратурасы	Нажимов Мұхтар Жиенханович аудан прокуратурасының прокуроры	Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 17 ғимарат	7257441@kgp.kz	9zks& 8 778 1198597
3	Созақ аудандық прокуратурасы	Бейсембай Бексұлтан Мұхамеджанұлы аудан прокуратурасының прокуроры	Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 17 ғимарат	7254605@prokuror.kz	Жұмыс 8(725) 4642562 Ұялы: 8 778 4084492
4	Созақ аудандық «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы	Анарбаев Арман Қаламбайұлы директор	Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №2 үй	Sozak_k.palata@mail.ru	Жұмыс 8(725) 4679133 Ұялы: 8 701 8373700

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші «Ай бегім» ЖШС-нің операторы Жеңіс тел.8-775-993-94-95 ұялы телефоны, бағасы 195 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолақорған ауылдық округіндегі «Ақниет» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМ ДЕРТІ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәеле күн тәртібінен түскен емес.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу керек.

Б.САҒЫНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының судьясы.

Сенім телефоны

«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде **8-700-467-93-23** телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Аудан тұрғындарының назарына!

Түркістан облысы Полиция департаментінің 2022 жылғы 9 наурыздағы №91 санды бұйрығының талаптарына сәйкес, аудан аумағында заңсыз көші-қонның алдын алу, шетелдіктер арасында құқық тәртібін сақтау, сондай-ақ, Республиканың көші-қон заңнамасынан туындайтын басқа да міндеттерді қамтамасыз ету мақсатында, 2022 жылғы наурыз айының 10 мен 17 күндері аралығында аудан көлемінде «МИГРАНТ» іс шарасы өтуде.

Сонымен қатар іс шара барысында аудан аумағында шетелдіктердің тиісті құқық тәртібін қамтамасыз етуі, заңсыз келген және тұрып жатқан ше-

телдіктерді, сондай-ақ, Республиканың көші-қон заңнамасынан туындайтын басқа да міндеттерді жүзеге асыру, заңсыз тұрып жатқан шетел азаматтарын анықтау, визалық-төлқұжат ережесін сақтауды бұзғандарды анықтау, шетелдіктердің күшін заңсыз пайдаланушыларды анықтау жұмыстары жүргізілуде.

Іс шараға қатысты қандай да бір мәлімет болған жағдайда, Созақ ауданының полиция бөлімінде тәулік бойы 4-18-38 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін еске саламыз.

Т.АМЗЕЕВА,
Созақ ауданының полиция бөлімінің көші-қон қызметі полиция тобының аға инспекторы полиция подполковнигі.

Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын құжаттарсыз тұратын тұлғалардың құқықтық мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру негізінде Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарсыз не 1974 жылғы үлгідегі КСРО-паспортымен Қазақстан Республикасының азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарға уақтылы айырбастамаған адамдарды анықтау жұмыстары жалғасуда.

Құжатсыз адамдар, бұл көбінесе ТМД елдерінің бірінің жарамсыз төлқұжаттары бар адамдар, сонымен қатар кейбір белгілі бұрынғы КСРО төлқұжаттарының иелері.

Аудан тұрғындарының назарына!

Құжатсыз халықтың басым бөлігі негізінен қазақстан Республикасына бұрынғы КСРО Республикаларының кәмелетке толмаған жаста көшіп келген адамдардан тұрады.

Жеке басын куәландыратын құжаттардың болмауына байланысты азаматтардың бұл санаты жәрдемақы алу құқығынан айырылды, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді (денсаулық сақтау, білім беру, әділет ж.т) алу шектелді. Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес келмейтін азаматтар санаты бар, осыған байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігімен құжаттауға болмайды.

Осы уақытта қазақстан Республикасының аумағында жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдардың құқықтық мәртебесін айқындау жөніндегі қағидалар әзірленді және бекітілді (Қазақстан Республи-

касы Ішкі істер министрінің 2020ж.01 қыркүйектегі №607 бұйрығы). Өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына қатыстылығына дәлелдері жоқ тұлғалар осыған сәйкес құжаттандырулары тиіс. Осыған байланысты, қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда, Созақ ауданы полиция бөлімінің көші-қон қызмет тобына хабарласуды немесе Созақ ауданының полиция бөлімінде тәулік бойы 4-18-38 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін еске саламыз.

Т.АМЗЕЕВА,
Созақ ауданының полиция бөлімінің көші-қон қызметі полиция тобының аға инспекторы полиция подполковнигі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жуантөбе ауылдық округі әкімі лауазымына кандидаттардың сайлаушылармен кездесу КЕСТЕСІ

қ/с	Әкімшілік атауы	Елді мекен атауы	Жиындар өтетін күні, уақыты	Жиындардың өтетін орны
1	Жуантөбе	Жуантөбе	28.03.2022 ж Сағат 11.00	Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің мәжіліс залы
		Қоңыратарық	28.03.2022 ж Сағат 15.00	Жуантөбе ауылдық клубы

Жуантөбе ауылдық округі әкімі лауазымына кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыратын орындар

қ/с	Әкімшілік атауы	Елді мекен	Үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар
1	Жуантөбе	Жуантөбе елді мекені	Жуантөбе елді мекенінің орталығындағы тақта
		Қоңыратарық елді мекені	Қоңыратарық елді мекенінің орталығындағы тақта

Конго Қырым геморрагиялық қызбасы ағзаның жалпы улауымен және айқын білінетін тромбгеморрагиялық белгілерімен сипатталатын зооноздар қатарына жататын табиғи ошақтық вирусты ауру. Вирустың уақытша резервуарлары әрі тасымалдаушылары-жануарлар мен кеміргіштер, жабайы аңдар, ауылшаруашылық жануарлары (ірі қара мал, уақ малдар, жылқы, түйе, ит, мы-

Ұйқысы бұзылып, тамаққа тәбеті болмайды, кейде тамақ ішпеседе жүрегі айнып қысуы мүмкін.

Науқастың дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтеріледі. Көзі қарауытып, артериялық қан қысымы төмендейді. Алдын алу жұмыстары медициналық, ветериналық, шаруашылық және атқарушы органдардың қатысуымен жүргізіледі. Оның ішінде науқастар-

КОНГО ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ ҚАУІПТІ!

Ауырған науқастың қаны арқылы жұққан кезде вирустың вируленттігі артып, инкубациялық кезеңі 9 күнге дейін қысқарады және ауыр ағымда өтеді. Аурудың 3 кезеңі бар: бастапқы өршу және реконвалценттік кезең.

Бастапқы кезең жіті өтеді, науқас өзінің ауырған күнін ғана емес, сағатында көрсетеді. Сырқаттанған адамның басы қатты ауырады, жалпы жай-күйі күрт нашарлайды, әлсірейді, бұлшық еттерімен сүйектері ауырады, кейде белі, іші ауырады.

ды ерте анықтау, оларды оқшаулап емдік шараларын көру, ауру ошағын залалсыздандыру жұмысын жүргізу, мал қораларда, малдың үстіне кенеге қарсы улау жұмыстарын жүргізу. Қолайсыз аймақтарда, мал қымы кезінде далалық жұмыстар кезінде кенелерге қарсы қоғаныш киімдерін кию жайлы кеңес беріледі.

Қ.АҚҚУЛИЕВ,
Созақ аудандық СЭББ
эпидемиологиялық
қадағалау және бақылау
бөлімінің бөлім басшысы.

Асқа шақырамыз

Шолақорған ауылының тұрғыны, адал жар, аяулы әке, ардақты ата **Нарботаев Жұмашбай Досмағанбетұлының** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болды.



Тағдыраа амал барма көнесің де, Бейнеңіз қалды өшпестей ел есінде. Алпыстың ауылына кеп қалғанда, Мініп кеттің келместің кемесіне. Таусылып тірліктегі дәм-тұхыңың, Ағып түсті жан әке жұлдызыңың. Жоқтағанмен уақыт, тоқтамайды, Сағынар асыл жарыңың, ұл-қызыңың-дей отырып марқұм әкеміздің рухына бағыштап Шолақорған ауылы Т.Әубәкіров көшесіндегі өз шаңырағында **19 наурыз қонақ асы (18-00 де), 20 наурыз күні (12-00-де) қырық күндік асы** өтетінін ағайын-туыс, құда-жекежат, әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар: жары Ақмарал, ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндері, Досмағанбетовтер әулеті.

Асыл әке, аяулы әке ардақтым

Шымкент қаласының тұрғыны, еңбек ардагері, есеп саласының ардагері бірімізге адал жар, бірімізге ардақты әке, қимас бауыр **Есім Еркінбекұлы Дәуітовтің** өмірден озғанына қырық күннің жүзі болды.

Асыл әке, аяулы әке ардақтым, Көтердің-ау ең ауырын салмақттың. Өміріңнің қысы мен жазыңда, Ұл-қызыңды қиясына самағаттың. Сен кеткелі көрсетпеді ай жүзін, Сен кеткелі тере алмадық қыр гүлін.

Рухыңа арнап құран бағыштап, Ас береміз ағайынға жиылып,-дей отырып, әкеміз Есімнің рухына бағыштап **19 наурыз қонақ асы, 20 наурыз қырық күндік асы** Шымкент қаласы, Сағымбаев көшесіндегі (33-ші үй) өз шаңырағында өтетінін ағайын-туыс, құда-жекежат, әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар: жары Орынкүл, ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндері, Дәуітовтер әулеті.

Асқа шақыру

Қозмолдақ ауылының тұрғыны, анамызға адал жар, ұл-қыздарына ардақты әке, ағайын-туыстарына қимас бауыр **Сәрсетегі Ерғазы Басарұлының** өмірден озғанына қырық күннің жүзі болды.

Асыл әке, аяулы әке шуағым, Шаушы еді ұл-қызына шуағын. Алла берген ғұмырыңда сен бізге, Жағып кеттің мәнді өмірдің шырағын. Жанарлардан мөлдір тамшы құйылып, Нар өмірдің өттің сырын ұғынып. Рухыңа арнап құран бағыштап,

Ас береміз ағайынға жиылып,-дей отырып, Ерғазы әкеміздің рухына бағыштап **24 наурыз қонақ асы, 25 наурыз қырық күндік асы** Сызған ауылы Қ.Рүстемов көшесіндегі өз шаңырағында өтетінін ағайын-туыс, құда-жекежат, достары мен әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар жұбайы-Сағат, ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндері.

Созақ аудандық ардагерлер кеңесі полиция ардагері, спорт жана-шыры

Құрманбеков Абаттың

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып марқұмның ағайындары мен туыстарына, отбасына көңіл айтамыз.

Сақ болғанымыз абзал

Биылғы жылы жауынның түсуіне байланысты шөп қалың қаулап өседі. Күн қатты ысыса өрттің шығуына мол мүмкіндік бар. Осыған орай табиғат өрттерінің алдын алу және ескерту бойынша жұмыс жоспарлы әрі тұрақты жүргізілуде. Қоршаған ортаны өрттен қорғау-әрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғаны абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

«Сақтансаң сақтаймын» дегенді дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Демек, сақтық шараларына мәне беріп, таулы алқаптарды, орманды, жайылымдық жерлерді өрттен сақтай білуіміз қажет.

Алмат МЕЙІРБЕКҰЛЫ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің
күзетші-қорықшысы.

Орман елдің байлығы

Көктем келген сайын жыл сайын сексеуіл көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Осынау табиғат байлығының өсу мен айналаға керік беріп жайқалуы әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Таза экология, таза ауа, құмның тұрақтауы, жасыл белдеулі аймаққа айналып, ондағы жан-жануарларымыздың еркін жүруі ертеңгі ұрпағымыз үшін аманат. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу тұрақты жүзеге асырылып келеді.

Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер аның сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Барлық жануарлар дүниесі мен адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендігі кезекте қоғам болып орман өртінің алдын алуға ат салысайық.

Мұрат ШЕШЕНҚАРАЕВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің
күзетші-қорықшысы.

Орман өртіне абай болайық!

Өзендер мен тоғандар, көлеңкелі тоғайлар кең даланың қайталанбайтын көркі кімді болса да қызықтыратыны сөзсіз. Табиғатта тамақ пісіріп, кәуап дайындап, тіпті түнгі қараңғылықта жанған оттың бойында өткіземіз. Өрт шалған орман, тоғайдың қайтадан қалпына келуіне ондаған жылдар керек, көптеген жылдар бойы адамдар табиғатты қорғаумен айналысып келеді. Бірақ, бір күнгі қызыққа бола адамдардың жеңілтек мінезінен, туған табиғатқа немқұрайлықпен қарау салдарынан көптеген орман тоғайлар өртке шалдығып, күлге айналып кете барады. Өрт тілсіз жау. Біздің жеріміздің шөбі қалың, ауаның құрғақтығынан өрт тез таралады.

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жаңына апарып өртеуге болмайды.

Табиғатты қорғаңыздар. Туған жердің табиғатына салақтық танытып, немқұрайлықпен қарағандар орны толмас шығын әкеледі. Бұл туралы бәріміз білеміз, бірақ әркіміңіз көңіліңде сақтала бермейді. Өрт тілсіз жау екендігін тағыда ескертеміз, сақ болыңыздар.

Лесбек ДӘУЛЕНБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар
әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік
мекемесінің аға орманшысы.

* * *

Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер аның сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тіршіліктің қайнар көзі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Сабырхан ТАҒАТОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін
қорғау жөніндегі мемлекеттік меке-
месінің аға орманшысы.

Сексеуіл алқабын өрттен сақтайық!

Жаз мезгілі-орман шаруашылығы қызметкерлерінің еселеп жұмыс істейтін уақыты. Мұндайда мекеме қызметкерлері қырағалықты арттырып, өрт қауіпсіздігі үшін бір сәтке де тыным таппай еңбек етуде. Бүгінгі таңда ауданымызда Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-не қарасты 1 014888,4 га сексеуіл орманы орналасқан. Сексеуіл орманы ауданымыздың мақтанарлық байлығы. Ол шөлейтті далада құм төбелердің көшінінен сақтайды, ұлан-ғайыр адырлардың топырағын эрозиядан сақтайды. Алайда орман алқабы өрт қауіпті аймақ болып есептелгендіктен ерекше қорғауды қажет етеді, ормандағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады яғни ағаштардың арасында өрттің көзі жоқ. Ормандардың жануы кейде найзағайдан болады, бірақ өртті орманға жиірек адамдар әкеледі, мысалы: өшірілмеген бір дана темекі тұқылынан от тұтанып, орны толмас өкінішке соқтырады. Сондықтан жаңбырлы күз басталғанша барлық азаматтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға шақырамыз. Әсіресе, табиғат аясына серуенге шығушы-

лар, құмға жұмыс бабымен шыққан басқа азаматтар өрт қауіпсіздігіне қатаң түрде көңіл бөлулері тиіс. Босаған бөтелкелерді ретсіз лақтырып кетудің өзі қауіпті. Қатты аптап ыстық кезінде күнге қызған шишадан от тұтанып шыға келуі мүмкін. Егерде әлдеқандай жолмен от жағылатын болса, отты өшіріп сол орынды құммен немесе топырақпен көміп кеткен жөн. Орман өрті ағаш қорын кемуімен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел дауылда сынғыш келеді. Орман өрті құрғақ ауа-райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен көлемге таралып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде орман құрғап, ол жерге егілген сексеуіл 26 жылда ғана өсіп жетіледі екен осыған байланысты айналамыздағы табиғат аның бөрген сыйын сақтай білейік жыл сайын 1 сәуір мен 1 қараша аралығы өрт қауіпсіздігінен сақтану маусымы болып жарияланады. Осы себептен, мекемеде өрт маусымы кезінде орман аумағында өрт қауіпсіздігі, өрттің алдын алу шаралары жалғасуда. Атап айтар болсақ мемлекеттік орман қоры

аумағында үш арнайы бекеттер құрылған, Жуантөбе аймағында «Ақсақбақсы» мен «Ақжайқын» Шолақорған аймағында «Қызыл көл» бекеттері орналасқан, бекеттерді орманшылар тәулік бойы кезекшілік етуде, сонымен қатар Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінде күнделікті кезекші маман бақылауда.

Аудан тұрғындарының назарына!

Егерде орман қоры жерінен өрт белгілерін байқап қалсаңыздар өз ауыл округтеріңіздің әкімшілігіне немесе өрт шыққан жерге жақын орналасқан жоғарыда көрсетілген бекеттерге хабар беріңіздер. Сонымен қатар Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің 4-13-31 және де аудандық өрт сөндіру бөлімінің 101 және сонымен қатар, 7-73-38, 7-50-80, 7-53-96 сымтетіктеріне хабарласыңыздар. Уақытылы анықталып, өшірілген өрт-орман тоғайымыздың сақталуының кепілі.

Ғанижан ПЕНТАЕВ,
Созақ орман және жануарлар
әлемін қорғау жөніндегі
ММК.

1992 жылы Алматыдағы Еңбек Қызыл Ту орденді зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіріп «Сызған» кеңшарына келдім. Әрине, қолда табақтай диплом, келе салысымен жұмысқа орналасып кетемін деген ой болды. Үйде бір-екі күн болдым да совхоз директоры Сәкен Асылбековке бардым. Ол кісі «ферма зоотехниктері түгел, басқадай орналастыра қоятын жұмыс орны жоқ. Хабарласып тұр!» деп шығарып салды.

Анда-санда кеңсеге барып хабар алып қоямын. Осы барып келіп жүргенде совхоздың бас зоотехнигі Мырзағали Жақаевпен жолығысып қалдым. Сөйтсем ол кісі бізбен көрші тұрады екен. Мырзағали ағаның үйі жолдың арғы бетінде, біз бергі шетінде тұрамыз. Ұдайы ол кісіні көрмейтін себебім, шаруашылық болған соң фермаларды, алыс-

мейміз. Мал баққан деген осы екен деп отарды айдалаға айдап салып қарап отырамыз. Біз жыл сайын шөбі құнарлы, жері құйқалы, шүйгін шөпті Бетпақ далаға шығып кетуіміз керек. Ауылда бір лақ қалмайтын болсын деп жыл сайын үш ферманың малы Арқаны бетке алатын.

-Мақсат, есінде болсын институтта оқыған бір бөлек, совхоздағы жұмыс бір бөлек. Бұл кәділгі шынайы өмір. Күнделікті күйбең тіршілік. Шопандардың қасына барғанда бастықпын деп шіреніп тұрма? Жассың ғой. Үйін жығыса сал. Үйінде адам болмаса жемін түсіре сал. Одан жаман болмайсың. Абырой, бедел солай жиналады. Алғаш олар сені көргенде қандай азамат, қандай маман болсаң соңына дейін сондай азамат ретінде қабылданасың дейтін. Кейін



сының қаржы экономикалық бөлімінің меңгерушісі, Теріскей селосының әкімі, Созақ аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі. 1999-2006 жылдары ҚР АШМ Созақ аудандық аумақтық басқармасының бастығы. 2006-2007 жылдары ҚР АШМ Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бастығы, 2007-2021 жылдары ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бастығы қызметтерін атқарып, 2021 жылдың 22 қазанынан бастап зейнеткер.

«Еңбек даңқы», «Облыстық аумақтық инспекциясына 20 жыл», «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі», «Ауылшаруашылығы ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің «Құрметті ардагері» төсбелгілерінің иегері.

Қарапайым еңбегімен елге танылған азамат

жақындағы мал отарларын аралап, айлап, апталап жүреді екен. Бір күні совхоз директоры кеңсеге шақырып жатыр деген хабар келді. Барсам «орталық гаражды диспетчер, құрал сайман түгелдеуші деген жұмыстар бар соны әзір істей тұр» деді совхоз директоры. Әрине, үйде бос жатқаннан зеріккен мен қуанып кеттім. Мал қашыру кезінде шопан отарларына кетемін. Қазан-қараша айларында мал қашырамыз. Сөйтіп жүріп ақыры №2 фермаға зоотехник болып қабылдандым. Бұл Қайнар ауылы болатын. Ферма меңгерушісі Жаңатілеуов Бимахан деген ағамыз екен. Осылайша өз мамандығым бойынша еңбек жолым басталды. Сол жылдары совхоздың бас зоотехнигі Жақаев Мырзағали ағамызды жақыннан тани түстім. Іскер, талапшыл, зоотехния саласын, экономика саласын жетік білетін маман болатын.

Біз сияқты жас мамандар үшін ол кісінің жұмыс істеу техникасы, адамдармен сөйлесу қатынасы маған үлгі-өнеге болды. Мырзакең шопандармен шопанша, біз секілді орта буын мамандармен мамандарша сөйлесетін. Сол жылдары ішінде ол кісінің біреуге жекіп, айқайлап дауыс көтергенін көрмедім. Өте қарапайым. Қонақжай үйінен келімді-кетімді кісі үзілмейтін. Үйдегі Ұлжан жеңгеміз де Мырзакеңе сай жан болып шықты.

Үш ферманың зоотехниктерін жинап алып, жұмысқа былайша тапсырма беретін де, жалпы біздің біліміміздің тұрақты жетілдіріп отыруымыз үшін екінші тапсырма беретін.

-Жігіттер сендер мынаны ұмытпаңдар. Бүгінде таудың етегі сонау Белқұдыққа дейін ақ тақырға айналды. Бұл нені білдіреді? Біз жайылымды дұрыс пайдалана алмайтындығымыздың айғағы. Жайылымды ауыстырып жау, кезекпен жаю дегенді, жалпы жайылымды пайдалану техникасын жетік біл-

Білімді де білікті маман

-Мырзағали біздің аяғымызды алып келе жатқан жас маман болса да уақытында бір совхоздың бас мал маманы болды. Шаруашылықтың дамуы мен өркендеуіне зор үлес қосқан азамат. Мал басын көбейту, сақтау, жүн, ет, сүт, тері сияқты мал өнімдерін мемлекетке өткізу барысындағы жоспардың үдесінен шыға білді. Алғаш совхозға бас зоотехник болып келгенде жас маманға сыни көзқарас көп болды. Алайда ол өзінің біліктілігімен, білімділігімен көптің көңілінен шыға білді. Шаруашылық жайын жетік білетін мал маманы болып шықты. Оның үстіне өзі жылқышының баласы. Төрт түліктің жайын бала жасынан біліп зердесіне тоқып өскен, сонау Арқа төсіне мектеп жасынан барып, тай бас білдіріп, асаудың құлағында ойнап өскен жеткіншек екенін білдік. Бүгінде алпыстың үстіне шығып, зейнет жасында бейнетінің зейнетін көріп отырған азаматтың қандай құрметке болса да лайықты азамат екенін білеміз. Совхозның бас зоотехнигі, Шымкент облыстық мал тұқымын асылдандыру бірлестігінің аға зоотехник-селекционері. Созақ аудандық агроөндірістік бірлестігінің аға экономисті. 1 аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бас инспекторы. «Жеткіншек» өндірістік кооперативінің төрағасы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының қаржы экономикалық бөлімінің меңгерушісі, Теріскей селосының әкімі, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, аудандық аумақтық басқармасының бастығы, аумақтық инспекциясының бастығы қызметтерін абыройлы атқарып бедел биігінен көрінген азамат.

Әбдуәлі БАЙМАҒАНБЕТОВ,
Созақ ауданының Құрметті азаматы,
Сызған ауылы.

өмір жолында сол сөздің растығына көзім жетті.

Мырзакең күнделікті өзіне жүктелген қызметінен бөлек ауыл ішіндегі көкпар, салым, аңшылық сияқты ұлттық сипатқа ие қазақ ұлттық спортын да ұйымдастырып жүретін. Кейін ауданда наурыз мерекесінде, Ұлы Жеңіс күні мейрамдарында ұлттық ойындарымыз көкпар, салым, бәйге сайыстарында өз басшылық етіп жүргеніне талай куә болдым. Түрлі шаралардың басы қасында ұйымдастырушы болып жүретін. «Жігітке жеті өнер де аз» деген тәлімді сөз осы Мырзағали ағамызға арнап айтылғандай. Отбасында адал жар, ардақты әке, абыройлы ата, ағайын мен жеке арасында беделі биік азамат. Енді осы жерде Мырзағали Жақаевтың ресми өмірдеріне көз жүгіртіп өтсек.

Жақаев Мырзағали 22 қазан 1957 жылы Оңтүстік Қазақстан об-

лысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында туылған. 1975 жылы қазақ орта мектебін бітіріп, осы жылы Алматы зооветеринариялық институтының зооинженерлік факультетіне түсіп, 1980 жылы ойдағыдай бітіріп, Калинин атындағы совхоздың ферма зоотехнигі болып еңбек жолын бастаған. 1987 жылы Созақ аудандық агроөндірістік бірлестігінің (РАПО) аға зоотехнигі. 1987-1988 жылдары Шымкент облыстық мал тұқымын асылдандыру бірлестігінің аға зоотехник-селекционері. 1988-1989 жылдары Созақ аудандық агроөндірістік бірлестігінің аға экономисті. 1989-1995 жылдары Сызған совхозының бас зоотехнигі, 1995-1996 жылдары Созақ аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бас инспекторы. 1996-1998 жылдары «Жеткіншек» өндірістік кооперативінің төрағасы. 1998-1999 жылдары Созақ аудандық ауыл шаруашылығы басқарма-

Мырзағали Оразайұлының іскерлік қабілеті мен ұйымдастырушылық деңгейін байқап пайымдаған сол кездегі аудан басшысы Қуаныш Айтаханов Мырзакеңді сол уақытта жаңадан ашылған Теріскей ауылдық округіне әкім етіп тағайындаған болатын. Өндірістік кооперативтер, шаруа қожалықтары, егіс, төл алу, аудан орталығына жақын шаруашылықтарды қадағалау, жұмысын алға қою барысында үлкен жауапкершілік жүгін көтере білді.

Мырзағали Оразайұлы шаруашылықта қызмет атқарып жүрген кезінде жайылымдарды тиімді пайдалану, шопандарға барынша жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аударып отыратын. Көбіне өзі таңдаған мамандық саласы бойынша білмеген тұстарын сол уақыттарда Сызған совхозында, Созақ совхозында, Ф.Энгельс атындағы совхоздарда бас зоотехник болып абыройлы қызмет атқарған Байғараев Бейімбет ағасынан сұрап алатын. Ол уақытта бүгінгідей ары-бері тынымсыз қатынаған көлік жоқ. Ілуде ғана үлкен жолдың бойында жанар-жағар май, шөп тасыған жүк көліктері ғана жүретін. Сонда Мырзағали ағамыз Созаққа көлігінің тізгінін жиі бұрып қызметіне қатысты кейбір түсініксіз тұстарын ұстазы Бейімбет ағасынан сұрап, біліп алатын. Бейімбет көкені ұстазым дейтіні де сондықтан болса керек. Қызмет еткен жылдары ішінде Алпамысов Байғоныс, Садырханов Жауғашты, Ашықбеков Тасқынбек, Шойбеков Жарас, Құрманбеков Мейрамбек, Әлтеков Әбдіқадір, Иманбаев Аманбай, Есенқұлов Айтбек, Тұрысбеков Сексенбай сияқты аға буын алдыңғы ағаларын аға тұтты, ақылшы ұстаз тұтқан еді.

Бүгінгі таңда зейнет демалысына шықса да отбасылық қосалқы шаруашылықты дөңгелетіп отырған іскер азаматтың ерен еңбектеріне тек табыстар тілейміз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнері-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Ғ куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.